Зерттеу аясында эксперименттік жұмыстар жүргізіліп, оқушылардың кеңістіктік ойлау деңгейінің өзгеру динамикасы анықталды. Алынған нәтижелер білім беру тәжірибесіне енгізуге арналған әдістемелік ұсынымдар әзірлеуге негіз болады. Бұл ұсынымдар мектеп мұғалімдері үшін практикалық тұрғыдан маңызды болып, геометрия сабағын ұйымдастыруда жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Материалдар мен негізгі әдістер.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерге жүргізілген талдаулар «кеңістіктік ойлау» ұғымының «кеңістіктік елестету», «кеңістіктік түсінік», «кеңістіктік қабылдау» ұғымдарымен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл мәселе қабылдау, түсіну, елестету және ойлау үдерістерінің тетіктері мен түрлерін зерттеген Ананьев Б.Г., Брушлинский А.В., Владимирский Г.А., Леонтьев А.Н., Лернер И.Я., Ломов Б.Ф., Немов Р.С. және басқа да ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Біз зерттеу жұмысымызда кеңістіктік ойлауды дамытудың тиімді құралдарын айқындамас бұрын, оған қатысты ұғымдардың өзара байланысын нақтылап алуды жөн көрдік: ойлау – елестету; елестету – кеңістіктік елестету; бейнелік ойлау – кеңістіктік ойлау; кеңістіктік ойлау – кеңістіктік елестету – кеңістіктік түсінік – кеңістіктік қабылдау.

Енді осы ұғымдардың психологиялық және математиканы оқыту әдістемесі тұрғысынан түсініктемелерін қарастырайық. Психологтардың пікірінше, ойлау – танымдық үдерістердің ең күрделі түрлерінің бірі, оның мақсаты – сезім мүшелері арқылы тікелей қабылдауға қолжетімсіз болатын әлем туралы білімді меңгеру.

Четверухин Н.Ф. «Геометрические характеристики причины трудности узнавания геометрических фигур на чертеже» атты мақаласында оқушылардың кеңістіктік елестетуін дамытудың олардың болашақ білім алу бағыты мен кәсіби таңдауына қарамастан барлығы үшін маңызды екенін атап көрсетеді. Ол «кеңістіктік елестетудің жақсы дамуы жаңа машиналарды жобалайтын конструкторға, жер қойнауын зерттейтін геологқа, заманауи қалалардың ғимараттарын тұрғызатын архитекторға, қан тамырлары мен жүйке талшықтары арасында аса нәзік операциялар жасайтын хирургке, сондай-ақ мүсіншіге, суретшіге және басқа да көптеген мамандарға қажет», - деп тұжырымдайды (Chetverukhin, 1965).

Александров А.Д. «геометрияны оқытудың міндеті – оқушылардың бойында үш сапаны: кеңістіктік елестетуді, практикалық түсінуді және логикалық ойлауды дамыту» дей отырып, «кеңістіктік елестету – дамуына геометрия ықпал ететін, адамның жалпы елестету қабілетінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және бірқатар тұрғыдан айрықша мәнге ие. Ол, сөзсіз, әрбір адамға қоршаған ортада бейімделуі мен бағдарлануы үшін қажет және дамыған күйінде көптеген қызмет түрлері үшін аса маңызды» дейді (Aleksandrov, 1980).

Психологияда ойлаудың үш түрі ажыратылады: көрнекі-әрекеттік, көрнекі-бейнелік және сөздік-логикалық (ұғымдық) ойлау.

Заттар мен құбылыстардың бейнелерімен әрекет ететін және түсініктер түрінде жүзеге асатын ойлау бейнелік ойлау ретінде анықталады. Ол өз объектілерінің байланыстары мен қатынастарын көрнекі түрде бейнелей отырып, заттардың бейнелерін өзара сәйкес қатынастарға қояды. Сондықтан бейнелік ойлау да шынайы болмыстың қасиеттері мен байланыстары жөнінде белгілі бір деңгейде танымдылық береді, онда бағдарлануға және практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік туғызады.

Якиманская И.С. бейнелік ойлауды «күрделі психикалық құрылым» ретінде сипаттап, оның негізгі қызметі «адамның субъективтік тәжірибесінде бұрыннан бар бейнелерге сүйене отырып, сезімдік (көрнекі) бейнелермен әрекет ету» екенін атап көрсетеді. Геометрияда бейнелік ойлау кеңістіктік бейнелер арқылы, яғни кеңістіктік ойлау арқылы көрініс табады. Бұл жөнінде ол: «...геометриялық бейнелер кеңістіктік ойлаудың негізін құрайды әрі оны айқындайды. Оның негізгі қызметі – математикалық (абстрактілі, шартты-схемалық) кеңістікте бейнелермен жұмыс жасау» деп жазады (Yakimanskaya, 1980). Ол бейнелік ойлаудың мұндай ерекше түрін кеңістіктік ойлау деп анықтайды.


«Кеңістіктік ойлау» ұғымы әдістемелік әдебиеттерде де жиірек

қолданылады. Бұл терминді ғылымға математиктер енгізген дейді. Кеңістіктік ойлау – көрінетін де, елестетілетін де кеңістікте бағдарлануды талап ететін есептерді шешу барысында қажетті ойлау әрекетінің ерекше түрі және ол нақтылы объектілердің немесе олардың графикалық бейнелерінің кеңістіктік қасиеттері мен қатынастарын талдауға негізделеді.

Ойлаудың бұл түрінің негізгі мазмұнын есептерді (геометриялық, графикалық, конструктивтік-техникалық, технологиялық және т.б.) шешу үдерісінде кеңістіктік бейнелермен амал жасау құрайды. Бұл бейнелер объектілердің кеңістіктік қасиеттері мен қатынастарын қабылдау (немесе түсініктері) арқылы қалыптастырылады.

Психологиялық және педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттердегі ұғымдардың әртүрлі анықтамаларына салыстырмалы талдау нәтижесінде біз өз зерттеуімізде ұғымдарды төмендегідей сипаттадық: кеңістіктік қабылдау – объектінің бастапқы кеңістіктік бейнесі қалыптасатын үдеріс; кеңістіктік түсінік – объектінің екінші және одан кейінгі кеңістіктік бейнелері қалыптасатын үдеріс, бұл бейнелер кеңістіктік түсініктер деп аталады; кеңістіктік түсініктермен амал жасау – кеңістіктік елестету; ал кеңістіктік ойлау – мазмұны жағынан ойлау үдерісіндегі объектінің кеңістіктік қасиеттері мен қатынастарын жалпы және жанама түрде бейнелейтін ойлау үдерісі болып табылады. Ол бейнелермен қайталанатын ойлау әрекеттерін орындауды, олардың динамикалық сипатын, сондай-ақ нәтижеге қол жеткізу үшін қандай әрекеттерді жүзеге асыру орынды екенін интуитивті түрде айқындауды қамтиды.

Осылайша, аталған ұғымдардың бір-бірімен өзара байланысқанын айқындаймыз: «кеңістіктік ойлау» ұғымы «кеңістіктік елестету» ұғымын, «кеңістіктік елестету» ұғымы «кеңістіктік түсінік» ұғымын, ал «кеңістіктік түсінік» ұғымы «кеңістіктік қабылдау» ұғымын қамтиды (1-сурет).



Сурет 1 – Кеңістіктік ойлау құрылымындағы элементтердің арақатынасы

Сонымен психологтар мен математик-әдіскерлердің пікірінше, кеңістіктік ойлау:

- ойлау үдерісіне енгізілген объектінің кеңістіктік қасиеттері мен қатынастарын мазмұны жағынан жалпыланған әрі жанама түрде бейнелейтін ойлау үдерісі;

- бейнелермен көп мәрте ойша әрекет етуді, олардың динамикалық сипатын, сондай-ақ қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін қандай әрекеттерді орындау орынды екенін интуитивті түрде айқындауды қамтитын ойлау әрекеті;

- нақты ұсынылған объектілерді немесе олардың бейнелерін тану және осының негізінде сол объектілерді басқа орналасуда ойша қайта құрастыруды не жаңа объектілерді жобалауды көздейтін, сондай-ақ кеңістіктік объектілерді олардың жекелеген элементтері бойынша қайта жаңғыртуды қамтитын үдеріс;

- негізін геометриялық бейнелер құрайтын және негізгі қызметі математикалық (абстрактілі, шартты-схемалық) кеңістікте бейнелермен амал жасау болып табылатын бейнелік ойлаудың ерекше бір түрі (Vasilenko, 2015).

Геометрияны оқыту үдерісінде оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту мәселелері бойынша ғалым-әдіскерлердің зерттеулері геометриялық материалды меңгеру барысында кеңістіктік түсініктердің, елестетулердің және ойлаудың қалыптасу заңдылықтарын зерделеуге бағытталған. Кеңістіктік түсініктерді дамыту мәселесіне Глейзер Г.Д., Литвиненко В.Н., Семушин А.Д., Далингер В.И. және басқа ғалымдар зерттеулерін арнаса; кеңістіктік елестетуді дамыту мәселесін А.Д. Александров, Цукарь А.Я., Четверухин Н.Ф. және басқалар қарастырған; ал кеңістіктік ойлауды дамыту мәселесін Якиманская И.С., Гусев В.А., Василенко А.В. және тағы басқада зерттеушілер еңбектерінде талдаған.

Авторлар геометрияны оқыту үдерісінде кеңістіктік түсініктерді, елестетуді және ойлауды дамыту құралдары ретінде есептер жүйесін, көрнекілік құралдарын, компьютерлік программаларды, геометрияны оқытуды ұйымдастырудың ерекше формасын (фузионизм идеясына негізделген), элективті курстарды әзірлеуді және басқа да тәсілдерді ұсынады.

Гусев В.А., Орлов В.В., Панчишина В.А., Далингер В.И. және басқа да педагог-ғалымдар геометрия пәнінің кеңістіктік ойлауды қалыптастыру мен дамытуда елеулі әлеуетке ие екенін, әсіресе кеңістіктегі геометриялық фигуралардың қасиеттері мен қатынастарын зерттейтін «Стереометрия» бөлімінің бұл тұрғыда маңызы зор екенін атап көрсетеді. Зерттеушілердің пікірінше, стереометрияны оқыту оқушылардың кеңістіктік түсініктері мен елестетулерін, логикалық ойлауын қалыптастырып, объектілердің кеңістіктік қасиеттері мен қатынастарын ажырата білуге және олармен есеп шығару барысында саналы түрде амал жасауға үйретеді (Gusev, 2004; Dalinger, 1992).

А.В. Василенко ғылыми-педагогикалық және психологиялық зерттеулер нәтижелерін талдау негізінде кеңістіктік ойлаудың дамуының алты деңгейін

айқындаған. Ол кеңістіктік бейнені құрастыруға, оның түрі мен қасиеттерін анықтауға бағытталған есептерді, бейнелер арасындағы сәйкестікті орнатуды талап ететін есептерді, сондай-ақ кеңістіктік бейнелерді ойша түрлендіруге арналған есептерді ұсынады (Vasilenko, 2011).

Манзарова А.М. оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту және олардың оқу іс-әрекетіне деген уәждемесін арттыру мақсатында геометрия сабақтарында көрнекі материалдарды дайындау үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын, яғни 3D модельдер жасақталған GeoGebra динамикалық ортасын пайдалану арқылы оқушыларға есеп шартын дұрыс түсіндіруге көмектесіп, олардың кеңістіктік елестетулер қорының кеңеюіне ықпал етуді ұсынады (Manzarova, 2021).

Санина Е.И. мен Гришина О.А. стереометрияны оқыту үдерісінде кеңістіктік ойлаудың дамуын зерттеп, кеңістіктік ойлауды дамытуға ең алдымен санасында кеңістіктік бейнелерді құра білу дағдысының қалыптасуы алғышарт болатынын анықтаған. Одан кейін оқушылардың осы бейнелерді елестете алуы және жаңа оқу жағдаяттарында графикалық бейнелерді қайта жаңғырта білуі маңызды рөл атқарады. Мозговая М.А. мектепте геометрияны оқыту барысында кеңістіктік ойлаудың сипаттамаларын және оның қалыптасу ерекшеліктерін талдайды. Оның пікірінше, мектеп геометриясын оқытудағы кеңістіктік ойлаудың негізін геометриялық ұғымдардың графикалық бейнелері құрайды (Sanina, 2022).

А.Е. Әбілқасымованың пікірінше, «геометриялық объектілерді зерделеу интуитивтік танымды, кеңістіктік елестетуді және ойлау үдерістерін дамытуға ықпал етеді, ал геометриялық есептер оқушылардың дедукциялық және логикалық ойлауын, сондай-ақ кеңістіктік елестетуін қалыптастыру мен дамытудың маңызды құралы болып табылады. Есептерді шығару үдерісінде оқушылардың игерген білімдері, іскерліктері мен дағдыларының қалыптасу деңгейі айқындалады (Abilkasymova, 2014). Сонымен қатар ғалым-әдіскер жаңа ұғымдарды меңгерту және стереометриялық мазмұнды игеруге бағытталған есептерді шығару барысында көрнекілік құралдарын пайдаланудың мектеп оқушыларының кеңістіктік түсініктерін қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ олардың кеңістіктік елестетуін жетілдіруге ықпалын зерттеген (Abilkasymova, 2020).

Мадияров Н.К. зерттеуінде геометрия сабақтарында мақсатты түрде іріктелген стереометриялық салу есептерін шешу арқылы оқушылардың кеңістіктік түсініктерін дамытудың әдістерін қарастырады. Зерттеу барысында стереометрия курсын оқыту аясында оқушылардың кеңістіктік елестетулерінің қалыптасуының танымдық және психологиялық-дидактикалық негіздері айқындалған. Сонымен қатар кеңістікте геометриялық фигураларды құрастыруға бағытталған арнайы таңдалған есептерге сүйене отырып, геометрияны оқыту процесінде кеңістіктік түсініктерді қалыптастырудың әдістемесі әзірленіп, стереометриялық

есептердің оқушылардың кеңістіктік түсініктерін дамытудағы маңызы жан-жақты негізделген (Madiyarov, 2004).

Рабинович Б.В. өз зерттеуінде негізгі мектептің 7–9-сыныптарына арналған геометрия курсын оқыту барысында фузионизм идеясын іске асыру негізінде оқушылардың кеңістіктік түсініктерін жүйелі түрде дамыту мәселелерін қарастырады. Ғалым 7–9-сыныптардағы геометрия курсының базалық мазмұнын жартылай фузионистік тұрғыдан оқытуды ұсына отырып, қолданыстағы оқулықтар мен есептер жинақтарындағы жаттығулар жүйесіне стереометриялық материалдарды енгізу арқылы кеңістіктік фигураларды жанама түрде оқытудың әдістемелік идеясын негіздейді (Rabinovich, 2010).

Геометрияның стереометрия бөлімін меңгеру арқылы оқушылар үшөлшемді объектілерді елестете білуге, оларды әртүрлі ракурстан қарастыруға, кеңістіктік өзара байланыстарды зерттеуге және осы талдау негізінде логикалық тұжырымдар жасауға үйренеді. Кеңістіктік ойлаудың дамуы жаратылыстану және инженерлік пәндер бойынша оқу жетістіктеріне елеулі ықпал етіп қана қоймай, қоршаған шынайы әлемді тұтас түсінуге де мүмкіндік береді.

Оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту негізгі геометриялық фигураларды дұрыс бейнелей білу және олардың өзара орналасуын зерттей алу дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Бұл дағдылардың қалыптасуы геометрияны оқып меңгерудің нәтижесін береді. Сондықтан кеңістіктік фигураларды кескіндеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Стереометрия кеңістіктегі түзулер мен жазықтықтар, көпжақтар мен айналу денелерін, оның элементтері мен өзара орналасуы мен комбинациясын қамтиды. Мұнда кеңістіктік фигураларды кескіндеу және олардың жазықтықтармен қималарын салу кеңістіктік ойлауды дамытудағы маңызды амалдардың бірі болып табылады. Қималар салу арқылы оқушылар дененің ішкі құрылымын, жазықтық пен кеңістік арасындағы өзара байланысты, фигуралардың кеңістіктегі қатынасын терең түсіне бастайды. Осыған байланысты геометриялық қималарды оқытуда цифрлық технологияларға негізделген әдістемені қолдану қажеттілігі туындайды.

Біз жұмысымызда мұғалімдерге оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуға қолдау көрсететін геометриялық денелердің қималарын салу құралдары мен практикалық ұсынымдар жасаймыз. Оқушылардың үшөлшемді объектілерді жақсырақ түсінуіне және елестете алуына, сондай-ақ геометриялық есептерді шығару дағдыларын жетілдіруге ықпал ететін цифрлық білім беру ресурстарын (3D модельдер мен визуализация құралдарын) қолданған тиімді.

Цифрлық технологияның құралдарын қолдану арқылы қималар салу оқушыларға геометриялық денелерді үш өлшемді кеңістікте көруге, оларды еркін айналдыруға, кез келген бағытта қима жазықтығын жүргізуге және қиманың пайда болу үдерісін нақты бақылауға мүмкіндік береді. Мұндай жағдайда оқушы пассивті тыңдаушы емес, белсенді зерттеуші ретінде әрекет

етеді. Ол дайын сызбамен шектелмей, қиманы өз бетімен құрастырып, өзгертіп, алынған нәтижені талдайды. Нәтижесінде оқушылардың кеңістіктік ойлауы, логикалық талдау, салыстыру, жалпылау және қорытынды жасау дағдылары жүйелі қалыптасады.

Нәтижелер.

Зерттеу жұмысымызда цифрлық құралдарды қолдану негізінде геометриялық денелердің қималарын салу арқылы оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту үдерісінің тиімділігі эксперименттік жолмен негізделді. Зерттеу жұмысы квази-эксперименттік форматта ұйымдастырылып, бақылау және эксперименттік топтардың оқу нәтижелерін салыстыру тәсілі қолданылды. Эксперимент 2025–2026 оқу жылы аралығында Алматы қаласы, №208 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеуге жалпы саны 60 оқушы қатыстырылып, олардың 30-ы эксперименттік топқа, ал 30-ы бақылау тобына енгізілді. Топтарды қалыптастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктері, оқу үлгерім деңгейлері және кеңістіктік ойлаудың бастапқы көрсеткіштері міндетті түрде ескерілді.

Зерттеу үдерісі үш кезең бойынша жүзеге асырылды.

Анықтаушы кезеңде оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетінің бастапқы деңгейі арнайы диагностикалық тапсырмалар арқылы айқындалды және барлық қатысушыларға мазмұны бірдей тест тапсырмалары ұсынылды. Бұл кезеңде барлық қатысушыларға мазмұны бірдей кеңістіктік ойлауға бағытталған тест тапсырмалары ұсынылды. Бұл тестке кеңістіктегі фигураларды тану, геометриялық денелердің қимасын болжау, қима фигурасын анықтау және денені ойша айналдыруға арналған тапсырмалар енгізілді. Тапсырмалар нәтижелері сандық көрсеткіштерге айналдырылып, әр оқушының жиынтық балы есептелді. Осы мәліметтер негізінде эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы көрсеткіштері салыстырылып, олардың шамалас екендігі анықталды.

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топта геометриялық денелердің қималарын салу сабақтары цифрлық технологиялар негізінде жүргізілді.

Цифрлық құралдардың ішінде 3D геометриялық модельдерін интерактивті түрде құруға және түрлендіруге мүмкіндік беретін «Живая геометрия», «3DsecBuilder», «GeoGebra», SketchUp, Tinkercad және Blender бағдарламалары бар. Олардың көмегімен үш өлшемді геометриялық денелердің модельдерін құрып, оларды кеңістікте еркін айналдыру, қиюшы жазықтықтарды өздігінен таңдау және қиманы динамикалық түрде бақылауға болады. Әр сабақ барысында оқушылар қиманың пішінін алдын ала болжау әрекетін орындап, кейін бағдарлама көмегімен өз болжамдарының дұрыстығын тексеріп, нәтижесіне талдау жасады. Ал бақылау тобында аталған тақырып дәстүрлі әдістер арқылы, яғни тақтаға сызу, қағаз бетінде орындау және дайын суреттерді пайдалану негізінде оқытылды.

Бақылау кезеңінде барлық оқушыларға қайта диагностикалық тестілеу


жүргізіліп, эксперимент басындағы және соңындағы нәтижелер өзара салыстырылды. Алынған деректерді өңдеу барысында математикалық-статистикалық талдау әдістері қолданылды. Атап айтқанда, орташа арифметикалық мән, стандарттық ауытқу және Стьюденттің t-критерийі есептелді. Стьюденттің t-критерийі зерттеу барысында эксперименттік және бақылау топтарының нәтижелеріндегі айырмашылықтың статистикалық тұрғыда сенімділігін анықтау мақсатында қолданылды. Бұл әдіс цифрлық бағдарламалар арқылы геометриялық денелердің қималарын салу негізінде жүргізілген оқытудың оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетіне әсерін сандық тұрғыда дәлелдеуге мүмкіндік береді.

Статистикалық өңдеу жұмыстары Excel және SPSS бағдарламалары арқылы жүзеге асырылды. Есептеу нәтижелері эксперименттік топта кеңістіктік ойлау көрсеткіштерінің айқын өсім көрсеткенін дәлелдеді. Экспериментке дейін эксперименттік топтың орташа балы 58,4-ке тең болса, эксперимент соңында бұл көрсеткіш 79,2-ге дейін артты және стандарттық ауытқу 5,8-ге тең болды. Ал бақылау тобында көрсеткіштердің өсуі салыстырмалы түрде төмен деңгейде қалды.

Стьюденттің t-критерийін есептеу нәтижесінде $t = 8,41$ мәні алынды және $p < 0,01$ деңгейінде статистикалық тұрғыда сенімді айырмашылық бар екендігі анықталды. Бұл нәтиже цифрлық бағдарламалар арқылы қима салуға негізделген әдістеменің оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуда жоғары тиімді екенін ғылыми тұрғыда нақты дәлелдейді.

Статистикалық есептеу қорытындылары цифрлық бағдарламалар арқылы қималарды салу негізінде ұйымдастырылған оқыту үдерісінің оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетінің дамуында айқын оң өзгеріс тудырғанын ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Эксперименттік топта кеңістіктік елестету, геометриялық денелердің ішкі құрылымын түсіну, қиманың пішінін болжау және кеңістіктегі түрленулерді талдау қабілеттерінің айтарлықтай артқаны статистикалық өңдеу нәтижелерімен нақты расталды.

Стьюденттің t-критерийі арқылы алынған нәтижелер цифрлық технологиялар негізінде жүргізілген оқыту әдістемесінің тек педагогикалық тұрғыдан ғана емес, математикалық-статистикалық тұрғыдан да жоғары тиімді екенін көрсетеді. Бұл әдістеме арқылы оқушылар геометриялық денелермен жұмыс істеуді цифрлық ортада орындап, GeoGebra 3D, SketchUp, Tinkercad және Blender бағдарламаларының көмегімен қималарды интерактивті түрде салып, олардың пайда болу заңдылықтарын терең меңгере алды. Нәтижесінде оқушылардың оқу белсенділігі артты, пәнге деген қызығушылығы күшейді және кеңістіктік ойлау көрсеткіштері ғылыми тұрғыда дәлелденген деңгейде жоғарылады (2-сурет).




Сурет 2 — Екі сыныптың салыстырмалы диаграммасы

Зерттеу барысында пайдаланылған цифрлық құралдар оқушылардың кеңістіктік елестетуін, логикалық талдауын, салыстыру, жалпылау және қорытынды шығару дағдыларын жүйелі түрде қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар эксперименттік топ оқушыларының пәнге деген қызығушылығының айтарлықтай артқаны, өздігінен зерттеу жүргізуге деген ұмтылысының күшейгені және оқу белсенділігінің жоғарылағаны анықталды. Осылайша, зерттеу нәтижелері цифрлық технологиялар негізінде геометриялық денелердің қималарын салу әдістемесінің педагогикалық және статистикалық тұрғыдан жоғары тиімді екенін толық дәлелдейді.

Талқылау.

Мектептің геометрия оқулықтарында есептің шарты мен берілгеніне байланысты көпжақтардың қималарын салуға арналған есептердің бірнеше түрі ажыратылады (3-сурет).



Сурет 3 — Көпжақтардың қималарын салуға арналған есептердің түрлері

Мұндай есептерді шешу, әдетте, проекциялау әдісін және қиюшы жазықтықтың іздерін салу тәсілін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Алайда тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың басым бөлігі үшін көпжақтың әртүрлі жақтарында орналасқан нүктелер арқылы өтетін қималарды салу

айтарлықтай қиындық тудырады. Бұл қиындықтар, ең алдымен, кеңістіктік елестетудің жеткіліксіз дамуына, қиюшы жазықтықтың кеңістіктегі орнын көз алдына толық елестете алмауға, сондай-ақ қиманың көпжақтың әрбір қырымен және жақтарымен қиылысу ретін анықтаудағы қателіктерге байланысты туындайды.

Оқушылар көбіне қиюшы жазықтықтың элементтерін жазықтықтағы сызба ретінде қабылдап, оны кеңістіктік объект ретінде елестете алмайды, нәтижесінде қиманың пішіні мен құрылымын дұрыс анықтауда қиындықтарға тап болады. Осыған байланысты геометриялық денелердің қималарын салу барысында оқушылардың кеңістіктік ойлауын қолдайтын және күшейтетін тиімді визуализация құралдарын қолдану қажеттілігі туындайды.

Цифрлық технологияларды, соның ішінде динамикалық 3D модельдерді пайдалану, қиюшы жазықтықтың кеңістіктегі қозғалысын, оның көпжақпен қиылысу ерекшеліктерін көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, қималарды салу алгоритмін саналы түрде меңгеруге, кеңістіктік қатынастарды терең түсінуге және қателер санын азайтуға жағдай жасайды.

GeoGebra, SketchUp, Tinkercad, Blender сияқты 3D модельдеу бағдарламалары мен әртүрлі интерактивті онлайн платформалары геометриялық денелердің қималарын салу барысында әртүрлі әдістемелік функцияларды атқарады: GeoGebra – қималарды дәл әрі динамикалық түрде салуға, SketchUp – кеңістіктік конструкцияны интуитивті түсінуге, Tinkercad – бастапқы кеңістіктік елестетуді қалыптастыруға, ал Blender – күрделі үшөлшемді визуализация мен тереңдетілген зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Осы бағдарламаларды мақсатты және деңгейге сай қолдану оқушылардың кеңістіктік ойлауын жүйелі түрде дамытуға жағдай жасайды. Мұндай цифрлық құралдарды қолдану оқу материалын қабылдауды жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың кеңістіктік елестетуін, қиялын және кеңістіктік ойлауын дамытуға тиімді жағдай жасайды. Геометриялық объектілермен интерактивті әрекет ету барысында оқушылар кеңістіктік қасиеттер мен қатынастарды тереңірек түсінеді, абстрактілі ұғымдарды нақты бейнелер арқылы меңгереді және есептерді шешу кезінде логикалық пайымдауларын саналы түрде құра бастайды.

Қолжетімділік және пайдаланудың қарапайымдылығы тұрғысынан GeoGebra бағдарламасы тиімдірік. Бұл геометрияны, алгебраны және математикалық есептеулерді біріктіретін динамикалық математикалық бағдарлама. Бұл бағдарламаны ресми веб-сайтынан жүктеп алуға болады, соның ішінде мобильді жүйелердің әртүрлі нұсқалары бар. Сондай-ақ, бағдарламаны және оның жеке компоненттерін геометрияны оқытудағы дидактикалық әлеуеті жоғары және ол оқу мен оқу-әдістемелік құралдардағы басылымдармен негізделеді (Yesayan, 2017). Соңғы онжылдықта математиканың әртүрлі салаларындағы нақты есептерді шешуге арналған бағдарламаның мүмкіндіктерін сипаттайтын мақалалар саны артып келеді:

функцияның графигін және оның туындысын үздіксіз салу, көпмүшелердің графиктері және екінші ретті қисықтардың анимациялық кескіндері (Larin, 2013); анимациялық геометриялық әдіспен кейбір алгебралық есептерді шешу (Larin, 2015); конустық қималарды анимациялық кескіндеу (Tikhonova, 2015) және т.б. GeoGebra бағдарламаның негізгі құралдарын қолданып кеңістіктік денелерді салу және стереометриялық есептерді шешу бойынша нұсқаулық В.А. Смирнов пен И.М. Смирнованың оқу құралында ұсынылған (Smirnov, 2018). Дегенмен, дәстүрлі оқыту әдістерімен салыстырғанда қима салуға арналған стереометриялық есептерді шешу үшін GeoGebra пайдаланудың артықшылықтары туралы мәселе жеткілікті түрде қарастырылмаған.


GeoGebra 3D бағдарламасында көпжақтарға қима салу көрінісі – бұл үш өлшемді геометриялық денеге қиюшы жазықтығын интерактивті түрде орналастыру арқылы қиманың пайда болу үдерісін динамикалық түрде бейнелеу процесі болып табылады.

GeoGebra 3D ортасында оқушылар көпжақтарды еркін айналдырып, қиюшы жазықтықтың орнын, бағытын және еңкею бұрышын өзгерту арқылы қима көпбұрыштың қалай түрленетінін бақылай алады. Бұл мүмкіндік геометриялық дененің ішкі құрылымын көрнекі түрде ашып көрсетуге, қиманың пішінін дәл анықтауға және жазықтық пен кеңістік арасындағы өзара байланысты терең түсінуге жағдай жасайды. Аталған тәсіл оқушылардың кеңістіктік елестетуін, визуалды талдауын және кеңістіктік ойлауын дамытуда жоғары тиімділікке ие.

GeoGebra ортасында құралдар тақтасындағы құралдарды пайдаланып геометриялық фигураларды әртүрлі тәсілдермен салуға болады. Көпжақтың жазықтықпен қимасын салу екі жағдайға келеді: қиюшы жазықтықтың көпжақтың беттермен қиылысуын салу; қиюшы жазықтықтың көпжақтың қырларымен қиылысуын салу. Мысалы, пирамиданың коллинеар емес үш нүктесі арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салуды қарастырайық.

Есеп. *SABCD* төртбұрышты пирамидасы және оның қырларында $P \in SA$, $G \in SC$ және бетінде $F \in (SCD)$ нүктелері берілген. Пирамиданың осы нүктелері арқылы өтетін жазықтықпен қимасын салыңдар.

Шешуі. GeoGebra ортасында «Көрініс» ішінен кеңістікке көшіп, «Пирамида» құралын таңдаймыз да төртбұрышты пирамиданың табанын саламыз және төбесін көрсетеміз. «Нүкте» құралын пайдаланып, есептің шартындағы берілген нүктелерді белгілейміз. Тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы ашылған мәзірден пирамиданың өлшемін, қиманы салуды бірізділікпен көрсетіп, салынған сызықтар мен нүктелердің түсін, түрін, өлшемін өзгерте аламыз (4-сурет).



Сурет 4 — Берілген шарттар бойынша пирамиданың кескіні

Бірінші тәсіл. Қиманы іздер әдісімен салайық.


Талдау. Қиюшы жазықтық пен пирамиданың табан жазықтығының қиылысуын табамыз: $M = PG \cap AC$, $N = PF \cap AK$ нүктелері арқылы өтетін қиюшы жазықтықтың ізін саламыз. Мұндағы, K нүктесі – F нүктесінің центрлік проекциясы.

Салу. Салу барысында «Түзу» және «Қиылысу» құралдарын пайдаланамыз:

1) K : $K = SF \cap CD$; 2) M : $M = PG \cap AC$; 3) N : $N = PF \cap AK$; 4) m : $M \in m$, $N \in m$,

5) R : $R = BC \cap m$; 6) L : $L = GR \cap SB$; 7) E : $E = GF \cap SD$; 8) $PLGE$ төртбұрышы – ізделінді қима.

Салынған қиманы «Көпбұрыш» құралын пайдаланып, оның төбелерін ретімен көрсету арқылы бейнелейміз. Кескіннің көрнекілігін арттыру үшін тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы ашылған мәзірден пирамида мен қиманың түстерін өзгертеміз (5-сурет).



Сурет 5 — Ізделінді қима. Іздер әдісі


Дәстүрлі оқыту барысында қиюшы жазықтықтың ізі сызбадан тыс орналасу жағдайы кездеседі және қиманы әрі қарай салу мүмкін болмайды немесе қиындыққа соғады. GeoGebra бағдарламасында есептің бастапқы шартын өзгерту арқылы бұл мәселені жеңіл шешуге болады. Ол үшін «Жылжыту» құралын пайдаланып, пирамиданың қырлары мен жақтарында берілген нүктелердің орындарын ауыстырамыз немесе оның табанының пішінін өзгертеміз.

Екінші тәсіл. Қиманы ішкі проекциялау әдісімен салайық. Ол үшін бірінші тәсілмен салу кезінде алынған нысандарды көрініс панеліндегі тиісті нүктелерді басу арқылы сызбадан жасырамыз.

Талдау. Қиюшы жазықтықтың пирамиданың қырларымен қиылысу нүктелерін табамыз. P және G нүктелері – қиюшы жазықтықтың сәйкесінше SA және SC қырларымен қиылысу нүктелері.

$E = GF \cap (BCD)$ нүктесі – қиюшы жазықтықтың SD қырымен немесе оның жалғасымен қиылысу нүктесі. Қиюшы жазықтықтың SB қырымен қиылысу нүктесін табу үшін $((SAC) \cap (BCD))$ негізгі және қосымша жазықтықтармен қиылысу түзуді табамыз.


Салю. 1) $O_1: O_1 = AC \cap BD$; 2) $SO_1: SO_1 = (SAC) \cap (BSD)$;
3) $O: O = SO_1 \cap PG$; 4) $EO \cap SB = L$; 5) $PLGE$ – ізделінді кима
(6-сурет).



Сүрет 6 — Ізделінді қима. Ішкі проекциялау әдісі

Көпжақтың түріне және қиюшы жазықтықтың орналасуына байланысты кима әртүрлі көпбұрыштар болады және оның қабырғаларының (төбелерінің) саны көпжақтың жақтарының санынан артық болмайды. Біздің қарастырған есебімізде кима үшбұрыш, төртбұрыш немесе бесбұрыш болуы мүмкін, өйткені төртбұрышты пирамиданың бес жағы бар.

GeoGebra ортасында көпжақтың әртүрлі қималарын бір кескінде бейнелеп көрсетуге болады (7-сурет). Мысалы, $SABCD$ пирамидасында үшбұрышты қима салу үшін F нүктесін AC диагоналында жатқан J нүктесіне, ал бесбұрышты қима салу үшін F нүктесін CD қырында жатқан Q нүктесіне көшірген жеткілікті.



Сурет 7 — Бір сызбада әртүрлі қималарды көрсету

Бағдарламаның салу терезесінде тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы ашылған мәзірден «Салу қадамдары» пәрменін таңдап, салынған қималардың анимациясын басқару мәзірін ашуға болады.

С.В. Лариннің еңбегінде GeoGebra ортасында математиканың әртүрлі бөлімдері бойынша анимациялық сызбаларды салу тәсілдері сипатталған. GeoGebra бағдарламасының артықшылықтарының бірі – бағдарламалау тілін пайдаланбай анимациялық сызбаларды салу және фигураны тек динамикалық қозғалыспен көрсетіп қана қоймай, оның параметрлерін өзгертіп көрнекі түрде бейнелеу мүмкіндігі болып табылады (Larin, 2015).

Біздің тәжірибемізден көпжақтардың қималарын салуда GeoGebra бағдарламасын қолданудың дәстүрлі оқытумен салыстырғанда бірқатар артышылықтарын айқындадық:

- «Айналдыру» құралын пайдаланып, көпжақты кеңістікте айналдыра бұрып көрсетуге және фигуралардың кескіні пішінін өзгертуге болады;
- есептің шартындағы қиманың нүктелерінің орнын өзгерту арқылы қиманың әртүрлі түрлерінің динамикалық өзгеруін бақылауға болады.

GeoGebra бағдарламасы геометриялық фигураларды кеңістікте кескіндеп

қана қоймай, оларды еркін жылжытуға, орын ауыстыруға, пішінін өзгертуге және оның құраушы барлық элементтердің байланысын көрнекі түрде бақылауға мүмкіндік береді. Сондықтан GeoGebra ортасында көпжақтардың қималарын салуға үйрету оқушылардың геометриялық білімін арттырып қоймай, олардың кеңістіктік елестетуі мен ойлауын дамытуға ықпал етеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу геометрияны оқытуда цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін дамытуда тиімділігін теориялық және эксперименттік тұрғыдан негіздейді. Зерттеу нәтижелері қазіргі білім беру жүйесінде геометрияны оқыту әдістемесін жаңғырту, оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және кеңістіктік елестету қабілетін жүйелі түрде дамытуда цифрлық бағдарламалардың мүмкіндігі ерекше екенін көрсетті. Әсіресе GeoGebra бағдарламасын қолданып геометриялық фигураларды салу оқушылардың білімді дұрыс қабылдауына, олардың элементтері мен өзара орналасуын терең түсінуіне мүмкіндік берді.

Зерттеудің теориялық бөлігінде ғылыми әдебиеттерді талдау нәтижесінде кеңістіктік ойлау ұғымының мәні нақтыланып, оның мазмұны айқындалды, оқушылардың оқу-танымдық әрекетіндегі рөлі жан-жақты сараланды. Кеңістіктік ойлаудың геометрияны меңгерудегі негізгі тірек қабілет екендігі, сондай-ақ оның инженерлік, сәулеттік, техникалық және цифрлық салалардағы маңызы ғылыми тұрғыда негізделді. Сонымен қатар кеңістіктік ойлаудың құрылымдық ерекшеліктері анықталып, цифрлық технологияларды пайдалану негізінде кеңістіктік ойлауды дамытудың ғылыми-әдістемелік негіздері мен оны жүзеге асыру мүмкіндіктері тұжырымдалды.

Әзірленген және теориялық тұрғыдан негізделген әдістеменің тиімділігі педагогикалық эксперимент барысында дәлелденді. Эксперименттік жұмыс нәтижелері зерттеу болжамының дұрыстығын растайды. Геометрия сабақтарында көпжақтардың қималарын салуды оқыту кезінде цифрлық технологияға негізделген әдістемені қолдану арқылы білім алған эксперименттік сынып оқушыларының оқу нәтижелері бақылау тобы оқушыларының нәтижелерінен жоғары болды. Экспериментке дейін эксперименттік топтағы орташа балл 58,4-ті құраса, эксперимент соңында бұл көрсеткіш 79,2-ге дейін артты. Ал бақылау тобында мұндай айқын өсімділік байқалмады. Бұл цифрлық технологияларды қолданудың геометрияны оқытудағы артықшылығын көрсетеді.

Алынған нәтижелердің статистикалық сенімділігі Стьюденттің t -критерийі арқылы дәлелденді. $t = 13,31$ мәні және $p < 0,01$ деңгейіндегі нәтиже эксперименттік және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтың кездейсоқ емес екенін, яғни зерттеу барысында қолданылған әдістеменің тиімді екенін көрсетеді. Статистикалық талдау нәтижелері GeoGebra бағдарламасы арқылы көпжақтардың қималарын салу оқушылардың кеңістіктік елестетуін, визуалды талдауын және кескіндеу дағдыларын дамытатынын дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың тек кеңістіктік ойлауын ғана емес, сонымен қатар олардың пәнге деген қызығушылығын, оқу мотивациясын және өздігінен жұмыс жасау белсенділігін арттырғанын көрсетті. Эксперименттік топтағы оқушылардың геометриялық есептерді орындау барысында сенімділігі артып, күрделі есептерді шешуге бейімделе бастады.

Жұмыстың практикалық маңыздылығы әдістemenің жалпы білім беретін мектептердің геометрия курсына тікелей енгізуге болатынымен айқындалады. Цифрлық технологияларды қолдану геометрияда көрнекілік құрал ретінде ғана емес, білім мазмұнын тереңдететін, оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін дамытатын ресурс екені дәлелденді. Бұл бағыттағы зерттеулер білім беру сапасын одан әрі арттыруға және оқыту процесін цифрлық ортаға бейімдеуге мүмкіндік береді.

References

- Abylkassymova A.E., Duisebayeva A.B., Tuyakov Y.A., Ardabayeva A.K., Kossanov B.M. (2025) Enhancing the Preparation of Future Mathematics Teachers in a Digital Learning Environment. *International Journal of Information and Education Technology*. — Vol. 15. — No. 6, 2025. — P. 1193-1200. <https://doi.org/10.18178/ijiet.2025.15.6.2322> (in Eng.).
- Semenov A.L., Abylkassymova A.E., Polikarpov S.A. (2023) Foundations of Mathematical Education in the Digital Age. *Doklady Mathematics*. — Vol. 107. — Suppl. 1, 2023. — P. S1-S9. <https://doi.org/10.1134/S1064562423700564> (in Eng.).
- Chetverukhin N.F. (1965) Geometricheskie kharakteristiki prichiny trudnosti uznaniya figur na chertezhe [Geometric characteristics and causes of difficulty in recognizing figures in a drawing]. *Matematika v shkole*. — 1965. — № 4. — P. 13. (in Rus.).
- Aleksandrov A.D. (1980) O geometrii [On geometry]. *Matematika v shkole*. — 1980. — № 3. — P. 56-62. (in Rus.).
- Yakimanskaya I.S. (1980) Razvitiye prostranstvennogo myshleniya shkolnikov [Development of spatial thinking of schoolchildren]. *NII obshchey i pedagogicheskoy psikhologii, APN SSSR*. — Moskva: Pedagogika, 1980. — 240 P. (in Rus.).
- Vasilenko A.V. (2015) — Sistematizatsiya zadach na razvitiye prostranstvennogo myshleniya uchashchikhsya [Systematization of tasks for the development of students' spatial thinking]. *Sovremennye problemy nauki i obrazovaniya*, 2015. — № 2-1. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=17384> (in Rus.).
- Gusev V.A. (2004) Metodika obucheniya geometrii [Methods of teaching geometry]. V.A. Gusev, V.V. Orlov, V.A. Panchishchina i dr. — M.: Izdatelskiy tsentr «Akademiya», 2004. — 368 P. (in Rus.).
- Dalinger V.A. (1992) Metodika formirovaniya prostranstvennykh predstavleniy u uchashchikhsya pri obuchenii geometrii [Methodology for forming spatial representations in students when teaching geometry]: ucheb. posobie. — Omsk: Izd-vo OGPI, 1992. — 96 P. (in Rus.).
- Vasilenko A.V. (2011) Urovni razvitiya prostranstvennogo myshleniya uchashchikhsya na urokakh geometrii [Levels of development of students' spatial thinking in geometry lessons]. *Pedagogicheskie issledovaniya*. — 2011. — P. 62–65. (in Rus.).
- Manzarova A.M. (2021) Razvitiye prostranstvennogo myshleniya shkolnikov na urokakh stereometrii sredstvami IKT [Development of schoolchildren's spatial thinking in stereometry lessons using ICT]. *Molodoy uchenyy*. — 2021. — № 13(355). — P. 271-273. URL: <https://moluch.ru/archive/355/79556> (in Rus.).
- Sanina Ye.I., Mozgovaya M.A. (2022) Tekhnologiya razvitiya prostranstvennogo myshleniya obuchayushchikhsya sredney shkoly posredstvom konstruirovaniya geometricheskikh obrazov s ispolzovaniem GeoGebra [Technology for developing spatial thinking of secondary school

students through the construction of geometric images using GeoGebra]. *Continuum. Matematika. Informatika. Obrazovanie*, 2022. — № 4. — P. 17-28. URL: <https://continuum-journal.ru/uploads/files/articles/2022/4/02.pdf> (in Rus.).

Abylkassymova A.E. (2014) Matematikany oqytudyn teoriyasy men adistemesi: didaktikalyq-adistemelik negizderi [Theory and methodology of teaching mathematics: didactic and methodological foundations]. *Oqu quraly*. — Almaty: Mektep, 2014. — 224 p. (in Kaz.).

Abylkassymova A.E., Ardabayeva A.K. (2020) Orta mekteptegi geometriyalyq bilim beru mazmunynyn keybir aspektleri [Some aspects of the content of geometric education in secondary school]. *PSU khabarshysy. Pedagogikalyq seriya*. — Pavlodar, 2020. — № 2. — P. 27-37. (in Kaz.).

Madiyarov N.K. (2004) Formirovanie prostranstvennykh predstavleniy uchashchikhsya v kurse stereometrii na osnove tselesoobrazno подобрannykh zadach na postroenie [Formation of students' spatial representations in the course of stereometry based on appropriately selected construction problems]: *dis. kand. ped. nauk: 13.00.02*. — Shymkent, 2004. — 144 p. (in Rus.).

Rabinovich B.V. (2010) Metodika obucheniya geometrii v osnovnoy shkole s ispolzovaniem fuzionistskogo podkhoda [Methods of teaching geometry in basic school using the fusionist approach]: *avtoref. diss. kand. ped. nauk: 13.00.02*. — Almaty, 2010. — 26 p. (in Rus.).

Yesayan A.R., Dobrovolskiy N.M., Sedova Ye.A., Yakushin A.V. (2017) Dinamicheskaya matematicheskaya obrazovatel'naya sreda GeoGebra [GeoGebra dynamic mathematical educational environment]: *ucheb. posobie*. — Tula: Izd-vo Tul. gos. ped. un-ta im. L.N. Tolstogo, 2017. — Ch. I. — 417 p. (in Rus.).

Larin S.V. (2013) Algebra i matematicheskiy analiz s GeoGebra [Algebra and mathematical analysis with GeoGebra]. *Vestn. Krasnoyarskogo gos. ped. un-ta im. V.P. Astafeva (Bulletin of KSPU)*, 2013. — Vyp. 1 (23). — P. 236-240. (in Rus.).

Tikhonova Yu.A. (2015) Animatsionnoe izobrazhenie konicheskikh secheniy v srede GeoGebra [Animated image of conic sections in the GeoGebra environment]. *Informatsionnye tekhnologii v matematike i matematicheskom obrazovanii: sb. st. po materialam IV Vseros. nauch.-metodich. konf. s mezhd. uchastiem*. — Krasnoyarsk: Krasnoyar. gos. ped. un-t im. V.P. Astafeva, 2015. — P. 102-104. (in Rus.).

Smirnov V.A., Smirnova I.M. (2018) Geometriya s GeoGebra: stereometriya [Geometry with GeoGebra: stereometry]: *ucheb. posobie*. — M.: Prometey, 2018. — 171 p. (in Rus.).

Larin S.V. (2015) Kompyuternaya animatsiya v srede GeoGebra na urokakh matematiki [Computer animation in GeoGebra in mathematics lessons]: *ucheb. posobie*. — Rostov n/D.: Legion, 2015. — 192 p. (in Rus.).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/ or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Requirements for articles design for publication in the journal are available on the websites:

[www: nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

ISSN 2518–1467 (Online),

ISSN 1991–3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en>

Managing Editor: A.Shormakova

Editors: D.S. Alenov, M.Konyrbekov

Computer layout: G.D. Zhadyranova

Signed for print: August 31, 2026

Format: 70×90 1/16. 48.0 printed sheets. Order No. 4